

"Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 22 қазандағы № 265 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабының 8) тармақшасына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне:

осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілсін;

ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырсын;

жоғарыда көрсетілген Ережені тіркеуші органда тіркеуді жүргізісін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тимирязев ауданының әкімі

Е. Жаров

Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязев ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "22" қазандағы № 265
қаулысымен
бекітілген

"Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, (бұдан әрі - Бөлім) экономика, бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару, аудандық бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есепті және есептілікті жүргізу салаларында басшылықты жүзеге асыратын, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсынатын, ауданның коммуналдық меншік объектілерін басқару қызметтерін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушы-құқықтық формасында заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңба бейнесі бар мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы бар бұрыштамасы, белгіленген үлгідегі бланктері, қазынашылық органдарында "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына сәйкес шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық –құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының бюджеттік және қаржылық заңдылығына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселесі бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан

Республикасы Заңымен қарастырылған, Бөлім басшысының бұйрықтарымен рәсімделген шешімдер қабылдайды.

8. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітіледі.

9. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ заңды тұлғаның мекенжайы: Индексі: 151100, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Тимирязев а., Ш.Уалиханов көшесі, № 1.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтайшы құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің бюджетінен (шығындар сметасы) жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілермен Бөлімнің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Бөлімнің мақсаттары және өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) аудан аумағында мемлекеттің бірыңғай экономикалық, бюджеттік және қаржылық саясатты жүзеге асыру;

2) әлеуметтік-экономикалық реформаны іске асару мақсатында аудандық бюджетті жоспарлауды және атқаруды реттеу;

3) ауданның бюджеттік қаражатын басқару және аудан әкімдігінің коммуналдық меншігінің объектілерін басқаруға қатысу;

4) бюджеттік мониторингті жүргізу (бюджетті атқару көрсеткіштерін әрдайым, жүйелі жинау, қадағалау және талдау);

5) аудандық бюджетті атқару бойынша бухгалтерлік және бюджеттік есепті, қаржылық және бюджеттік есептілікті жүргізу;

6) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу;

7) ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну;

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

Бюджет кодексімен, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығымен қарастырылған бөлімнің құзыретіне жатқызылған қызметтерді жүзеге асыру үшін ақпаратты мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және жеке тұлғалардан сұрауға және алуға;

аудан бюджетін жоспарлау және орындау, сондай-ақ экономикалық тиімділікке және бекітілген аудандық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) мақсатты орындалуына баға беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасы талаптарының бұзылу себептеріне баға беруге;

ауданның коммуналдық меншігіндегі аудандық коммуналдық мүлікті, соның ішінде акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін (жауапкершіліктері шектеулі серіктестіктердің үлестерін) иемденуге, пайдалануға;

Бөлімнің құқықтарын және мүдделерін қорғау бойынша барлық деңгейдегі сот органдарына шағымдануға, аудандық коммуналдық мүлікті иемдену, пайдалану және билік ету сұрақтары, Бөлім қызметінің сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасы соттарында Бөлімнің мүддесін білдіруге;

аудандық коммуналдық меншіктегі жекешелендіру объектілерін бағалау шығындарын қаржыландыру үшін қаражатты пайдалануға, аукциондарды, тендірлерді ұйымдастыру және өткізуге, жекешелендіруден кейінгі бақылауды жүргізуге, аудандық бюджетте қарастырылған қаражат есебінен заңды және жеке тұлғаларды сараптаушы және кеңес беруші ретінде шарт негізінде тартуға;

шарттың талаптарын бұзғаны, соның ішінде аудандық коммуналдық меншік объектілерінің меншіктік жалға беру (жалдау) төлемін төлемегені немесе уақытында төлемегені үшін; жалға берілген объектіні тағайындалуна байланысты емес пайдаланғаны үшін, оны жалға берушінің келісімсіз субжалға бергені үшін, сондай-ақ жалға алушымен жалға берушінің келісімісіз оның ішінде орналасқан инженерлік жүйелерді және коммуникацияларды қайта жаңарту, қайта жоспарлау немесе объектіні қайта жабдықтауды жүргізу; аудандық коммуналдық меншік объектілерін өтеусіз пайдалануға (ссуданы), сатып алу-сату, сенімгерлік басқару шарттарының талаптарын бұзғаны немесе орындамағаны үшін төлемақы және айыппұл есептеуге;

2) Міндеттері:

материалдарды және ақпараттарды заңды және жеке тұлғалардан бұл туралы ресми сұрау салу түскен жағдайда өз құзыреті шегінде ұсыну;

нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

ауданның қаржылық қызметі, коммуналдық меншігі мәселелері бойынша барлық сот, мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда аудан әкімінің, әкімдігінің мүддесін білдіру;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Мемлекеттік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес міндеттерді жүзеге асыру.

15. "Функциялар" 15-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

1) үш жылдық кезеңге жергілікті бюджеттерге және ауылдық округтер бюджеттеріне түсетін түсімдерді болжау;

2) аудандық бюджеттік бағдарламалардың және ауылдық округтердің бюджеттері шығыстарының лимиттерін, жоспарлы кезеңге жаңа бастамалардың лимиттерін айқындау және оны әкімшілерге жеткізу;

3) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының талаптарына сәйкестігін қарау;

4) жоспарлы кезеңге арналған аудандық және ауылдық округтер бюджеттерінің жобасын әзірлеу және сәйкесінше қаржылық жылға арналған аудандық бюджетті және ауылдық округтер бюджетін нақтылау, түзету бойынша ұсыныстар енгізу;

5) аудандық бюджеттің жобасын және ауылдық округтер бюджеттерінің жобаларын (аудандық бюджетке және ауылдық округтер бюджетіне өзгерістер енгізу) аудандық бюджет комиссиясының қарауына енгізу және қарау нәтижелері бойынша оны түзету;

6) үш жылдық кезеңге жалпы сипаттағы трансферттер көлемін айқындау кезінде ауылдық округтер бюджетінің болжамды параметрлерін есептеу;

7) аудандық бюджетті және ауылдық округтер бюджетін бекіту туралы, көтерме жәрдемақы мен бюджеттік кредиттің мөлшері туралы, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының ауылдық елді мекендерінде азаматтық қызметшілер болып табылатын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласының мамандарына жалақының жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы, аудандық бюджетті және ауылдық округтер бюджеттерін нақтылау туралы, өз құзыреті шегіндегі өзге де мәселелер бойынша аудандық мәслихат сессияларының шешімдерін дайындау;

8) бюджет мәселелері бойынша аудандық мәслихат сессияларының шешімдерін іске асыру туралы, оның ішінде объектілер шегінде инвестициялық жобаларды қоса ала

отыра басым жергілікті бюджеттік инвестициялардың тізбесін әзірлеу, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының ауылдық елді мекендерінде азаматтық қызметшілер болып табылатын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік камсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандардың лауазымдар тізбесін айқындау туралы аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын әзірлеу;

9) аудандық бюджет және бөлім құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша баяндамалар, түсіндірме жазбалар, ақпараттық-талдау материалдары мен анықтамалар дайындау;

10) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік инвестициялық жобаларының инвестициялық ұсыныстары бойынша экономикалық қорытындылар дайындау;

11) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және бюджеттік инвестициялардың, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау;

12) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестициялық жобалар мен бюджеттік инвестициялар бойынша экономикалық қорытындылар дайындау;

13) "Азаматтық бюджетті", аудан бюджетін және ауылдық округ бюджеттерін әзірлеу және орналастыру;

14) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 " Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша ақпаратты дайындау;

15) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 20 сәуірдегі № 29, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 164, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № ҚР ДСМ-50, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 243, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 113 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 56/НҚ бұйрығымен "Елді мекендердің өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы" бірлескен бұйрығына сәйкес ауылдық елді мекендердің мониторингін жүргізу;

16) "Ауылдық елді мекендерді анықтау үшін критерилерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 81 бұйрығына сәйкес перспективалық кластерлерді айқындау әдістемесі бойынша тірек, спутниктік және шекаралас ауылдық елді мекендердің тізбесін айқындау;

- 17) бес жылдық кезеңге арналған ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын әзірлейді;
- 18) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингін жүргізу;
- 19) аудан әкімінің тапсырмаларын орындау бойынша ақпараттық және жиынтық есептерді дайындау (құзыреті шегінде);
- 20) депутаттардың, аудандық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық басқармаларының сұрауларына жауаптар (жауап жобаларын) дайындау (құзыреті шегінде);
- 21) аудан бюджетін жоспарлау және атқару, ауданның коммуналдық меншігін басқару саласында аудан әкімі мен әкімдігінің құқықтық және нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу;
- 22) Қазақстан Республикасы Үкіметімен айқындалатын тәртіпте төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді;
- 23) төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, оның ішінде жылдық сомаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді және оларды аумақтық Қазынашылық органдарына ұсынады;
- 24) аудан бюджетінің жоспарлануын және атқарылуын қамтамасыз ету;
- 25) бюджетті атқару бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіреді;
- 26) міндеттемелердің уақтылы қабылданбауының, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің уақтылы түспеуінің себептерін анықтау, аудан бюджетінің түсімдері мен шығыстарының атқарылуына болжам жасау мақсатында аудан бюджетінің атқарылуына күн сайынғы және ай сайынғы мониторингті жүзеге асырады;
- 27) жергілікті масштабтағы әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде ауданның жергілікті атқарушы органының резервінен ақша бөлу туралы қолдаухатты қарау, сондай-ақ төтенше жағдайдағы құқықтық режимді қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды өткізу;
- 28) заңнамада белгіленген тәртіппен ауданның жергілікті атқарушы органына әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу және/немесе төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету бойынша шараларды өткізу туралы қаулы жобасын енгізу;
- 29) "Мемлекеттік қызметтер туралы" ҚР Заңына сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну;

30) қарыз алушылардың бюджеттік кредиттерді пайдалануы мен өтеуіне мониторинг жүргізу;

31) бюджет заңнамасында айқындалған органдарға есепті қаржылық жылдағы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсыну;

32) "Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарның және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрығына, "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығына сәйкес бюджеттік есептілікті, аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есепті әзірлеу және ұсыну, аудандық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін құру;

33) "Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 бұйрығына сәйкес "Ашық бюджеттер" порталында бюджеттік бағдарламалардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерді орналастыру, "Ашық бюджеттер" порталында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ақпаратты орналастыруына мониторинг жүргізу;

34) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тіркелген, орындалмаған және төленбеген міндеттемелеріне талдау жасау;

35) өткен қаржы жылында нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын жоғары тұрған бюджетке қайтаруды жүзеге асыру;

36) аудандағы мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша мониторингті жүзеге асыру;

37) бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұйымдастыруды, әкімшісі "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларын қалыптастыруды, бекітуді және орындауды қамтамасыз ету;

38) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына сәйкес "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ мемлекеттік сатып алуы бойынша есептілікті құру, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу;

39) "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ ақпараттық ресурс жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

40) Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алуды және қарауды, бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдауын жүргізуді қамтамасыз етеді;

41) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге қатысу бойынша өкілеттіктерді жүзеге асыру, оны қорғау шараларын жүзеге асыру, аудандық коммуналдық меншікті тиімді және ұтымды пайдалану мен сақтау мәселелері бойынша жұмыс жүргізу;

42) аудандық коммуналдық мүліктің есебін ұйымдастыру, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

43) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шаруашылық жүргізу құқығындағы аудандық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативтерін сәйкестендіру;

44) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің мемлекеттік қатысу үлесі бар тізімін жүргізу, осы ұйымдардағы мүлікті түгендеу және есепке алу;

45) шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігінің, сондай-ақ қазыналық кәсіпорындардың сметалық есептен тыс алынған кірістерінің уақтылы, толық есептелуі мен аударылуын бақылауды жүзеге асыру;

46) акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) аудандық коммуналдық меншігіне жататын акциялар бойынша дивидендтерді (қатысу үлестеріне таза кірістің бір бөлігін) аудандық бюджет кірісіне есептеу мен аударудың уақтылы және толықтығын бақылауды жүзеге асыру;

47) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметіне тоқсан сайынғы мониторингті жүзеге асыру;

48) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарларын әзірлеуге бақылауды жүзеге асыру;

49) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын аудандық коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мүлкіне түгендеу жүргізуді бақылауды жүзеге асыру;

50) аудандық коммуналдық мүлікті аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекіту ;

51) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңында белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған, коммуналдық меншікке айналдырылған (қабылданған)

аудандық коммуналдық мүлікті мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке берілген, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз берілген иеліктен шығарылған мүлік, табылған заттар, қаңғыбас жануарлар, мәдени құндылықтарға жататын заттары жоқ қазына үлестерін есепке алуды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалануды ұйымдастыру;

52) жылжымайтын мүлікті иесіз ретінде есепке қою;

53) жылжымайтын мүлікті иесіз және коммуналдық меншікке түскен ретінде тану туралы сотқа талап арыз беру;

54) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сатып алу құқығынсыз, кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне өтеусіз негіздегі құқығымен мүліктік жалға беру (жалдау), сенімгерлік басқаруға беру;

55) мүліктік жалға алу (жалдау) шарттарын, аудандық коммуналдық меншік объектілерін сенімгерлік басқаруды, өз құзыреті шегінде өзге де шарттарды жасау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

56) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жалға алушылардың, аудандық коммуналдық меншік объектілерінің сенімгерлік басқарушыларының мүліктік жалдау, сенімгерлікпен басқару, өзге де шарттар бойынша міндеттемелерін орындауына бақылауды жүзеге асыру;

57) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес коммуналдық меншікке мүлікті, оның ішінде аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін, акционерлік қоғамдардың акцияларын және коммуналдық меншіктің аудандық деңгейіне жататын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлесті, аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктерін коммуналдық меншіктің облыстық деңгейіне беруді жүзеге асыру;

58) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүлікті, оның ішінде облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін, акционерлік қоғамдардың акцияларын және коммуналдық меншіктің облыстық деңгейіне жататын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлесін, облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкін аудандық деңгейдегі коммуналдық меншікке қабылдауды жүзеге асыру;

59) аудандық коммуналдық меншіктегі коммуналдық заңды тұлғалар арасындағы мүлікті тапсыруды жүзеге асыру;

60) коммуналдық заңды тұлғалардың баланстарынан негізгі құралдарды есептен шығару бойынша жұмыстарды жүргізу;

61) аудандық коммуналдық меншік объектілерінің тізбесіне енгізілген аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің алдын ала келісімін алу;

62) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңында белгіленген жағдайларда аудандық коммуналдық мүлікті бағалау жөніндегі конкурсты "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйымдастыру және өткізу;

63) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сауданы өткізу, аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалға немесе тендер шарттарында сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар құру ;

64) аудандық коммуналдық меншік объектілерін сату алдындағы дайындау бойынша жұмыстарды жүргізу, жекешелендіру объектілерін жекелеген саудалар бойынша бөлу, сондай-ақ оларды өткізу мерзімдерін белгілеу, әрбір жекешелендіру объектісі бойынша сауда үлгісін айқындау, бастапқы, старттық және жекешелендіру объектілерінің ең төменгі бағаларын анықтау және бекіту; "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кепілдік жарналарды қабылдау және қайтару;

65) аудандық коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруді ұйымдастыру және өткізу, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес аукциондардың, тендерлердің ұйымдастырылуы мен өткізілу барысына бақылауды жүзеге асыру;

66) сауда жеңімпаздарымен сатып алу-сату шарттарын жасасу және аудандық коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіру шарттары талаптарының орындалуын бақылау (жекешелендіруден кейінгі бақылау), оларға Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

67) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сауданы өткізу рәсімдеріне байланысты саудаға қатысушылармен, сатып алушылармен және ұйымдастырушылармен есеп айырысуларды жүзеге асыру;

68) аудандық коммуналдық мүлікті сатудан, аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға), сенімгерлік басқаруға беруден, борышты қайтару бойынша шараларды қабылдаудан ақшалай қаражаттың аудан бюджетінің кірістеріне толық және мерзімінде түсуін бақылауды жүзеге асыру;

69) "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру және жүргізу.

70) Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының бюджетінен қаржыландырылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының

ауылдық округтері бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар үшін орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру (мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы) және өткізу рәсімдерін орындауды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 20.02.2023 № 35 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 3 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Бөлімнің бірінші басшысының дәрежесі, өкілеттілігі

16. Бөлімді басқаруды Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттілігін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Бөлімнің басшысы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Тимирязев ауданы әкімінің өкімімен жұмысқа қабылданады және жұмыстан босатылады.

18. Бөлім басшысында орынбасары бар.

19. Бөлім басшысының өкілеттілігі:

1) Бөлімнің Ережесін, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды аудан әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Бөлімнің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылық жасайды, Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның қызметтерін жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

3) Бөлім қызметкерлерінің міндеттерін айқындайды және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

4) Бөлім қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

5) еңбек заңнамасына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Бөлім қызметкерлерін сыйақыландыру, заттық көмек көрсету және тәртіптік жаза белгілеу мәселелерін шешеді;

6) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар, бөлімнің қызметшілеріне орындауға міндетті нұсқаулар шығарады;

7) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Бөлімнің мүддесін білдіреді;

8) ерлер мен әйелдердің әр түрлі құқықтары және мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдемесі туралы заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету;

9) Бөлім қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық заңнамасын сақтауға дербес жауапкершілікті алып жүреді;

10) Бюджет кодексіне, еңбек, мемлекеттік қызмет, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Бөлім басшысының болмаған кезеңінде оның өкілеттіктерін орындауды еңбек, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Бөлімнің мүлігі

21. Мемлекеттік мүлік туралы заңнамада көзделген жағдайларда Бөлімнің жедел басқару құқығында оқшаланған мүлкі болуы мүмкін.

22. Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және мемлекеттік мүлік туралы заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Бөлімге бекітілген мүлік ауданның коммуналдық меншігіне жатады.

24. Егер мемлекеттік мүлік туралы заңнамада өзгеше көзделмесе бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне белгіленген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

25. Бөлімді қайта ұйымдастыру (бірілестіру, қосу, бөлу, қайта құру) және тарату (жабу) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.